



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР


2017 жылғы 26 сәуір

### Депозиттердің долларлану деңгейі 49,8%-ға дейін төмендеді

Теңгедегі депозиттердің көлемі 2014 жылғы қазаннан кейін алғаш рет валюталық депозиттердің көлемінен асты және наурыздың соңындағы жағдай бойынша депозиттердің долларлану деңгейі 49,8%-ды құрады (1-график).

1-график

Шетел валютасындағы депозиттердің үлесі



Депозиттердің долларлану деңгейінің төмендеуі ұлттық валютадағы депозиттер көлемінің 2017 жылғы 1-тоқсанда 7,6%-ға ұлғаюына себепші болды, ал шетел валютасындағы депозиттер 11,5%-ға қысқарды. Шетел валютасындағы депозиттердің қысқаруына теңгенің нығаюы (жыл басынан бері 5,5%-ға) нәтижесінде қайта бағалау және сол сияқты нақты әкетілу (6,3%) себепші болды. Шетел валютасындағы депозиттердің нақты әкетілуі абсолюттік көрсеткіш бойынша 593,6 млрд. теңгені (баламасы 1 885,6 млн. АҚШ доллары), ұлттық валютадағы депозиттердің әкелінуі 624,7 млрд. теңгені құрады, бұл валюталық депозиттерді теңгедегі депозиттерге конвертациялаудың жалғасып отырғанын ғана емес, сонымен қатар банк жүйесіне жаңа депозиттердің әкелуін растайды.


Заңды тұлғалардың валюталық салымдары теңгедегі салымдардың 8,7%-ға ұлғаюы аясында жыл басынан бері 12,6%-ға қысқарды, бұл заңды тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттері үлесінің 2017 жылғы наурызда 43,6%-ға дейін төмендеуіне алып келді (2-график). Жеке тұлғалардың депозиттерінің валюталық құрамында да ағымдағы жылдың наурызында салымдарды долларландыру деңгейінің 58,0%-ға дейін төмендеуі байқалады, бұл 2014 жылғы қарашадан бастап ең төменгі мән болып табылады.

(3-график). Бұған жылдың басынан бері жеке тұлғалардың валюталық салымдарының 10,4%-ға төмендеуі және теңгемен салымдардың 5,6%-ға ұлғаюы себеп болды.

2-график



3-график



2017 жылғы қаңтар-наурызда банктер 19 955,5 млрд. теңге сомаға депозиттер тартқан, оның ішінде теңгедегі депозиттер 16 546,3 млрд. теңге (бақылаудың бүкіл тарихы ішінде ең жоғарғы мәні), соңғы бір жарым жыл ішінде валюталық депозиттер ең төменгі тоқсандық көлемге дейін төмендеген – 3 409,2 млрд. теңге (баламасы 10 572,5 млн. АҚШ доллары). Ұлттық валютамен тартылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2016 жылғы желтоқсанда 10,6%-дан 9,7%-ға дейін, шетел валютасындағы депозиттер бойынша 2,2%-дан 1,9%-ға дейін төмендеген.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)